

Конкурстық рәсімдерден тыс 2014 - 2016 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 161 қаулысы

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Конкурстық рәсімдерден тыс республикалық бюджеттен 2014 – 2016 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру осы қаулыға қосымшаға сәйкес ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 8

а қ п а н д а ғ ы

№

1 6 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Бағдарламалық-мақсатты қаржыландырылуы республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын конкурстық рәсімдерден тыс ғылыми-техникалық бағдарламалар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

- 1) Байытылуы қиын және сапасы төмен шикізатты байыту және өңдеу технологиялары ;
- 2) Мұнай, газ және уран өндіру тиімділігін арттыру үшін ақпараттық-цифрлық технологияларды әзірлеу ;
- 3) Қазақстан Республикасындағы жаңа және қайтадан пайда болатын вирустық инфекциялар: мониторинг және оларды бақылау үшін перспективалық биопрепараттарды жасау ;
- 4) Өнеркәсіптік биотехнологиялар ;
- 5) Молекулалық және жасушалы биологияның әдістері негізінде бидай мен картоптың фузариоз бен вироидаларға төзімдігін жоғарылатудың ғылыми негіздерін әзірлеу және олардың негізінде қарқынды селекция үшін бастапқы желілер мен диагностикалар жасау ;

- 6) Энергияның балама көздерінің негізінде энергия тиімді технологияларды әзірлеу;
- 7) Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі: «Қазақстанның су ресурстары және оларды пайдалану» геокеңістік ақпараттық жүйесі;
- 8) Өсімдіктерден алынған жаңа биологиялық белсенді қосылыстар және олардың синтетикалық аналогтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК